

**Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыру қорытындылары бойынша қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Жастар таңдауы - Атырау» қоғамдық бірлестігі
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Сейткалиев Даурен Нухович
3. Занды мекен-жайы, Байланыс телефоны: Атырау қаласы, Мұхтар Әуезов даңғылы 65 үй, 8701 666 27 49
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыт): "Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарын лдау мен дамытудың тиімді тұтас жүйесін құру"
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 01 тамыз – 30 қараша
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 10 335 028 (Он миллион үш жүз отыз бес мың жиырма сегіз) теңге

**Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

**1- Міндет. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің мүшелерін оқыту арқылы жобаларға дайындау.**

**1- Шара. Жастар ісі комитеті мамандарын оқыту және алдағы жобаларға дайындау.**  
«Atyrau Students Union» жобасын «Жастар таңдауы – Атырау» Қоғамдық Бірлестігінің ұжымы осыған дейін 2018 жылы жұмысын жүргізген болатын. Жобаның атауын 2017 жылы қойып, жүйесін құрғандағы мақсат біздің ұжымнан бөлек мекемелер жұмысты жүргізседе осы жоба облыс Әкімдігінің қадағалауында болса екен ниет болған еді. Ортада өткен аралығында оқу орындары арасындағы байланыс азайып, ортақ біртұтас жүйенің жұмысы жүргізілмеген. Бір жағынан «Қазақстан Студенттер Альянсы», екінші жағынан Білім беру басқармасының жүйесі және өзге ұйымдар жүргізген «Atyrau Students Union» жобасының жүйесі студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмыстарының жүруіне кері әсерін тигізіп, оқу орындарының ішінде бөлініске әкеліп соққан. Осы ағаттықты жою үшін 28 тамыз күні ең алдымен оқу орындарының студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының негізгі мүшелері Жастар ісі комитеті мамандарының басын қосып, бір-бірімен таныстыру арқылы араларындағы байланыс пен ынтымақтастықты орнату үшін «Коммуникация» бағытында білікті фасилитатор Бағлан Маратұлымен оқыту өткізген болатынбыз. Шара барысында оқытумен қатар мамандарға жобаның жүйесі және алдағы шаралар таныстырылған болатын. Абай атындағы орталықта өткен шараға барлығы 26 қатысушы қатысты.

**2- Шара. Жастар ісі комитеті мамандарын және студенттік көшбасшыларды (президенттерді) жобалық менеджмент дағдыларына оқыту.**  
21 қыркүйек күні жоба аясында өтетін шараларға дайындықты дұрыс жүргізу арқылы шаралардың мақсаты орындалу үшін мамандар мен көшбасшыларды «Жобалық менеджмент» дағдысын базалық деңгейде оқыту ұйымдастырылып, өткен болатын. Жобалық менеджмент бойынша арнайы тренер Ануарбеков Мерейдің курсына өнiрiмiздегi оқу орындарынан барлығы 51 қатысушы қатысты. Шара Абай атындағы орталықта өткен болатын.



### 3- Шара. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің «БАҚ» министрлігінің мүшелерін оқыту.

Ағымдағы жылдың 28 қыркүйек күні студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің «БАҚ» министрлігінің мүшелерін «Мобилография», «Журналистика» және «Графикалық дизайн» бағытында оқытқан болатын. Басты мақсат, министрліктің бағыттары бойынша мүшелері әрбір өтетін шараның афишасын жасау арқылы нақты аудиторияны шараларға шақыру, сонымен қатар өткен шаралардың сапалы бейнегүсірілімін қамтамасыз ету және ресми ақпарат беруін оқыту. Аталған мақсатта «Мобилография» бағыты бойынша Қыран Талапбектің оқушысы әрі өңірімздегі өкілі Аманов Айбек, «Журналистика» бағыты бойынша «Casrian News» телеарнасының журналисті Эльбурсова Нұрсая және «Графикалық дизайн» бағыты бойынша «Атырау-Ақпарат» медиахолдингінің дизайнері Нухин Еламан оқыту жүргізген болатын. Абай атындағы орталықта өткен шараға барлығы 51 қатысушы қатысты.

### 2- Міндет. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің студенттік көшбасшыларының сайлауын жүзеге асыру.

1- Шара. Жоғарыда аталған сайлауды жүзеге асыру мақсатында оқу орындарына сайлау ережелері жалғанған тиісті хат жолданған болатын.

Дегенмен, жоғарыда атап өткеніміздей өңірімздегі студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің бірнеше ұйымнан және әртүрлі нұсқада жұмысының жүргізілуіне байланысты кейбір оқу орындарында «Қазақстан Студенттер Альянсы» студенттік амбудсменттерді сайлауы және Білім беру басқармасының тапсырмасымен студенттік президенттерді сайлау өткізуіне байланысты «Atyrau Students Union» жобасының студенттік көшбасшыларының сайлауын өткізбей, жоғарыда аталған ұйымдардың өткізген сайлауының қорытындысы бойынша тағайындалған студенттермен жұмыс жүргізілген болатын.

3- Міндет. 7 кіші іс-шара (Жастар ісі комитеті мамандарын, Жобалық менеджмент және БАҚ министрлігі өкілдерін оқытудан өзге шаралар) ұйымдастырып өткізу.

1- Шара. Облыстық маслихат депутаты Асқар Төрбайұлын еске алуға арналған студенттер арасындағы шахматтан турнир.

Өңірімizde студенттік өзін-өзі басқару жүйесі жобасын әкелген және жүзеге асыруға бірден бір себепші болған жастар жанашыры Асқар Төрбайұлын еске алуға арналған шахматтан турнир өзінің туған жері Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылында «Өнерпаз» мәдениет үйінде өткен болатын. Бұл турнир дәстүрлі түрде II рет өтіп жатыр. Аталған турнирге Асқар Төрбайұлының анасы шақырылған болатын. Шара барысында студенттерге ағамыздың өмір жолы таныстырылып, сәттілік тілеп ойындар өткен болатын. Шара аяғында студенттер Сарайшық қаласында орналасқан мұражай және кене қазбалар табылған жерге экскурсия жасалған болатын. Турнирге барлығы 30 студент және қосымша өкіл ретінде 5 маман қатынасқан болатын. Турнирдің қорытындысы бойынша қатысушылар алғыс хатпен, жеңімпаз бен жүлдегерлер дипломымен және жүлде қорымен марапатталды: I орынды - Хайрошев Нұрбек, II орынды - Атагуллина Назымгуль, III орынды - Қабдол Досжан иеленді.

2- Шара. «Atyrau Students Union» жобасының брендін дамыту бағытында «ASU Quiz» атты интеллектуалды ойын.

Ағымдағы жылдың 20 қараша күні студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының Білім министрлігінің жұмысының деңгейін тексеру және жетілдіру мақсатында Ғабдол Сланов атындағы Атырау облыстық Кітапханасында өңірімздегі студенттер арасында интеллектуалды ойын өткізілген болатын. Ойынға барлығы 15 оқу орнынан 104 студент қатысқан болатын. Ойын қорытындысы бойынша I орынды - Халел Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті, II орынды - Қатира Дутбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі, III орынды - Жоғары инновациялық халықаралық қатынастар колледжі иеленіп, қатысушы оқу орындар алғыс хатпен, жүлдегерлер дипломымен және жеңімпаз оқу орны кубок және дипломмен марапатталды.

3- Шара. «Atyrau Students Union» жобасының брендін дамыту бағытында белсенді студенттер арасындағы «ASU Cup» атты волейболдан әуесқой турнир.

2023 жылдың 28-29 қараша күндері аралығында студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің «Спорт» министрлігінің жұмысын деңгейін тексеру және жетілдіру мақсатында «Атырау» орталық спорт кешенінде өңірімздегі белсенді студенттер арасында турнир ұйымдастырылып, өткен болатын. Аталған шараға Жастар ісі комитеті мамандарының және студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің мүшелері шақырылған болатын. Турнирге барлығы 14 оқу орнынан 106 студент және маман қатысқан болатын. Турнир қорытындысы бойынша I орынды - Атырау жоғары медициналық колледжі, II



орынды - Индер көпбейінді ауыл шаруашылық колледжі, III орынды - Қатира Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі иеленді. Жөнімпаз және жүлдегер құрамалар кубок, медаль және дипломмен марапатталды. Жүлделі орынға іліне алмаған құрамалар алғыс хатпен марапатталды.

#### **4- Шара. «ASU Vacansy» атаулы тәмамдаушы курс студенттері үшін бос жұмыс орындары жәрменкесі.**

Ағымдағы жылдың 09 желтоқсан күні оқу орындарының тәмамдаушы 3-4 курс студенттері алып жатқан мамандығы бойынша тәжірибелік және өндірістік практикадан өту мақсатында «APES Retotechnic» жоғары колледжінде өңіріміздегі 13 мекемелердің қатысуымен бос жұмыс орындары жәрменкесі ұйымдастырылған болатын. Жәрменке барысында өңіріміздегі оқу орындардың студенттері жоғарыда аталған жұмыс берушілермен кездесіп, тікелей интервьюден өтіп, өздерінің резюмесін табыстап, кері байланыс алған болатын. Жәрменкеге жобамен 150-200 студенттер және өкілдер қатысқан болатын.

#### **4- Міндет. 1 үлкен шара және 10 кездесу ұйымдастыру.**

##### **1- шара. «Stud Fest» облыстық фестивалінің оқу орындарындағы кезеңі.**

**Осы уақытқа дейін студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту жобасы аясында дәстүрлі түрде «Студенттік көктем» фестивалі ұйымдастырылып өтетін болды. Биылғы жылы фестивалдің өтетін уақыты күзгі мезгілге келгеннен кейін фестивалдің атауы «Stud Fest» болып өзгертілді. Аталған фестивальге облысымыз бойынша 24 оқу орнының 13-і қатысқан болатын. Олардың ішінде 12 қала аумағындағы оқу орындары және ауданнан 1 оқу орны. Фестивальдің оқу орындарындағы кезеңін Махамбет Өтемісұлы атындағы Атырау облыстық Академиялық Драма театрының режиссері Телтаев Жанат, «KilenHub» музыкалық қозғалысының негізін қалаушылардың бірі әрі өңіріміздегі белгі саунд продюсер Бағытжанов Ерұттан және «TopDanceKz» би тобының негізін қалаушы Каметова Заринадан тұратын әділ-қазылар алқасымен аралап, фестивалдің Гала-концертіне талантты студенттер іріктелген болатын. Сонымен қатар, фестивальдің оқу орнындағы кезеңін тамашалауға барған кезеңде оқу орнының студенттерімен кездесулер өткен болатын. Кездесу барысында фестивалдің жоба үшін маңыздылығы мен жүйенің мақсаты айтылды.**

##### **2 – шара. «Stud Fest» облыстық фестивалінің Гала-концерті.**

Фестивальдің оқы орындарында өткен кезеңінен іріктелген талантты студенттермен бірге қаламыздағы Нұрғиса Тілендиев атындағы Кіші өнер Академиясында және Абай атындағы оқушылар орталығында Гала-концертке 7 күндік дайындық өткен болатын. Гала-концертте іріктелген студенттер облыстың студенттері атынан біріге өнер көрсетті. Екі немесе одан да көп оқу орындарының студенттері бірлесіп облыстық деңгейдегі шығармашылық номерлерді көрсетіп, шара соңында жеңімпаздар марапатталған болатын. Фестиваль қорытындысы бойынша: Бас жүлдені – Атырау жоғары медицина колледжі, I орынды – Қатира Дүтбаева атындағы Атырау Гуманитарлық колледжі, II орынды – Құрманғазы ауданы аграрлы-техникалық колледжі, III орынды – Каспий өңірінің қазіргі заманғы жоғары колледжі иеленген болатын. Гала-концерт және оның жеңімпазы мен жүлдегерлері туралы ақпарат БАҚ өңірлерінде және өңіріміздің тынысы туралы ақпарат беретін пабликтерге жарияланған болатын.

##### **5– Міндет. Жылды қорытындылау.**

**1- шара. «ASU Party» атты «Atytau Students Union» жобасының белсенді студенттері, жастар ісі комитеті мамандарының және студенттік көшбасшылардың қатысуымен өткен кеш.**

Ағыздағы жылдың 16 қараша күні «Салтанат Сарайы» мейрамханасында өткен кешке «Stud Fest» фестивалінің Гала-концертіне қатысқан студенттер, жүйенің студенттік көшбасшылары және жастар ісі комитеті мамандары қатысқан болатын. Кеш барысында тілектер айтылып, қатысушыларға үстел жайылып, би кеші ұйымдастырылған болатын. Сонымен қатар, қатысушылар алғыс хатпен марапатталды. Кеш қонақтары ретінде жүргізуші Қобылан Ескендір, DJ Zego, өңірімізге танымал әншілер Aidhn және Jeltoksan келіп, өнер көрсеткен болатын.

##### **2- шара. 2023 жылғы шараларды талқылау және 2024 жылғы шараларды жоспарлау жиыны.**

Ағымдағы жылдың 22 қараша күні Атырау қалалық Жастар ресурстық орталығында Оқу орындарының Жастар ісі комитеті мамандарының, студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің студенттік көшбасшыларының қатысуымен талқылау-ұсыныс форматында кездесу өткен болатын. Шара барысында «Atytau Students Union жобасының 2023 жылғы жұмысын қорытындылау жиынында» Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы мен Атырау облысы Білім беру басқармасының өкілдеріне және оқу орындарының басшыларының алдында таныстырылатын ұсыныстар талқыланған болатын. Сонымен қатар, 2024 жылы өтетін іс-шаралардың болжамды әрі ынғайлы іс-шаралар жоспары жасақталған болатын.



### 3- шара. «Atyrau Students Union» жобасының 2023 жылғы қорытынды жиыны.

Ағымдағы жылдың 23 қараша күні Атырау облысы Әкімдігінің жаңа ғимаратында оқу орындарының басшылары, Жастар ісі комитеті мамандары және студенттік көшбасшылардың Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы мен Атырау облысы Білім беру басқармасының өкілдерімен кездесу өткен болатын. Шара барысында 2023 жылғы шараларды талқылау және 2024 жылы өтетін шараларды жоспарлау жиынында аталған мәселелермен оларды шешу жөнінде ұсыныстар таныстырылған болатын. Тиісінше, сауалдар бойынша басқарма өкілдерінің тарапынан ресми жауаптар беріліп, шара соңында өңірміздегі оқу орындар жобаны қолдап, шараларға белсенді қатысқаны үшін марапатталған болатын. Қорытынды жиынға барлығы 14 оқу орнынан 38 өкіл қатысқан болатын. Өкінішке орай, ауа-райының қолайсыздығына байланысты облыс орталығынан өзге аудан орталықтарына дейінге жол жабылғандықтан аудандардағы оқу орындардың өкілдері қатыса алмады. Дегенмен, олармен тікелей онлайн байланыс арқылы кездесу өткізілді.

#### Жоба мақсаты:

Қоғамға пайдалы студенттік өмірді іске асыра отырып, студенттің өмірге деген, еліміздің болашағына деген оң көз қарас қалыптастыру. Мәдени, спорттық шаралар арқылы жастардың белсенділігін арттыру. Студенттің өзін-өзі дамытуына көмектес Студенттердің қоғамда жан-жақты дамуына әрі дұрыс дағдыларды бойына сіңіруге жәрдемдесе отырып, оларды мәдени ұлттық, рухани-адамгершілік сынды құндылықтарға бағыттап әр қайсысының жеке тұлға болып шыңдалуына көмектес сонымен қатар студенттер арасынан көшбасшыларды жетілдіру бойынша студенттік өзін-өзі басқару жүйесін қалыптасты және жоба аясында негізгі жұмыстарды атқару.

Атырау облысының жоғары және арнаулы кәсіптік оқу орындары студенттерінің кәсіби және әлеуметтік маңызды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған студенттік өзін-өзі басқарудың тиімді моделін құру, енгізу және оның тұрақты жұмыс жүргізуін қамтамасыз ету (кемінде 15 мекеме)

#### Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:

- 1) Жобаға қатысу арқылы тікелей қамту – кемінде 1383 адам, жанама қамту – кемінде 46 652 адам.
  - 2) 13 мекеменің және кемінде 101 3-4 курс студенттің қатысуымен жәрмеңке өткізілді;
  - 3) 51 студенттік жастар ұйымдары көшбасшыларының қатысуымен жобалық менеджмент дағдыларын арттыру.
  - 4) Тікелей қамту бойынша – 1 үлкен шара ретінде «STUD FEST - 2023» фестивалі, 7 кіші шара, 2 отырыс, кемінде 10 кездес өткізіліп, соңғы отырыста студенттердің келер жылға деген ұсынатын өзгерістері анықталып жазылды.
  - 5) Жанама қамту - аймақтық каналға 1 рет берілген жаңалықтар репортажы, жергілікті БАҚ берілген сұхбат, облысты әлеуметтік желі парақшаларына жарияланған посттар мен бейнероликтер арқылы кемінде 46 652 адам қамтылды. Бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы студенттердің бос уақытын арттыру бойынша 7 іс-шара ұйымдастырылып оларға кемінде 1383 қатысушы қатысты.
- Жұмыс беруші мен жұмыссыз жастар арасындағы тікелей байланыс орнату арқылы ЖОО және ТЖКБ түлектерін жұмысқа орналастыру мақсатында 13 мекеменің және кемінде 101 студенттік қатысуымен бос жұмыс орындар жәрмеңкесі атаулы іс-шара ұйымдастырылды.



Міндеті	Міндет аясындағы шаралар	Өткізу күні	Өткізу орны	Қатысушылар саны	Қысқа мерзімде қол жеткізілген нәтижелер (іс-шараларға)	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторы		Тиімділік
							жоспар	факт	
Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің мүшелері арқылы жобаларға дайындау.	Жастар ісі комитеті мамандарын оқыту және алдағы жобаларға дайындау.	28.08	«Абай» атындағы оқушылар сарайы	26	«Атугау Students Union» жобасын «Жастар таңдауы – Атырау» Қоғамдық Бірлестігінің ұжымы осыған дейін 2018 жылы жұмысын жүргізген болатын. Жобаның атауын 2017 жылы қойып, жүйесін құрғандағы мақсат біздің ұжымнан бөлек мекемелер жұмысты жүргізседе осы жоба облыс Әкімдігінің қадағалауында болса екен ниет болған еді. Ортада өткен уақыт аралығында оқу орындары арасындағы байланыс азайып, ортақ біртұтас жүйенің жұмысы жүргізілмеген. Бір	Қатысушы Шараға қатысты жолданған хаттар Афиша Фотосуреттер Шараның өткендігі туралы видеоролик Шараның бағдарламасы Қатысушылар тізімі Спикер туралы қысқаша ақпарат	25 3 1 20 1 1 1 1 1 1	26 3 1 20 1 1 1 1 1 1	Осы ағаттықты жою үшін ең алдымен оқу орындарының студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының негізгі мүшелері Жастар ісі комитеті мамандарының басын қосып, бір-бірімен таныстыру арқылы араларындағы байланыс пен ынтымақтастықты орнату үшін «Коммуникация» бағытында білікті фасилитатор Бағлан Маратұлымен оқыту өткізген болатынбыз. Шара барысында оқытумен қатар мамандарға жобаның жүйесі және алдағы шаралар таныстырылған болатын.

	<p><b>Жастар ісі комитеті мамандарын және студенттік көшбасшыларды (президенттерді) жобалық менеджмент дағдыларына оқыту.</b></p>	21.09		51	<p>жағынан «Қазақстан Студенттер Альянсы», екінші жағынан Білім беру басқармасының жүйесі және өзге ұйымдар жүргізген «Atyau Students Union» жобасының жүйесі студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмыстарының жүруіне кері әсерін тигізіп, оқу орындарының ішінде бөлініске әкеліп соққан.</p>	<p>Жоба аясында өтетін шараларға дайындықты дұрыс жүргізу арқылы шаралардың мақсаты орындалу үшін мамандар мен көшбасшыларды «Жобалық менеджмент» дағдысын базалық деңгейде оқыту ұйымдастырылып, өткен болатын.</p>	<p>Қатысушы 51</p> <p>Шараға қатысты жолданған хаттар</p> <p>Афиша</p> <p>Фотосуреттер</p> <p>Шараның өткендігі туралы видеоролик</p> <p>Шараның бағдарламасы</p>	42	51	<p>Қатысушылар алдағы уақытта жоба аясында өтетін шараларға тиянақты дайындалу үшін қажетті дағдыларды үйренді.</p>
--	---	-------	--	----	---	--	---	----	----	---



				Қатысушылар тізімі	1	1		
				Спикер туралы қысқаша ақпарат	1	1		
Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің «БАҚ» министрлігінің мүшелерін оқыту.	28.09	51	Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің «БАҚ» министрлігінің мүшелерін «Мобилография», «Журналистика» және «Графикалық дизайн» бағытында оқытқан болатын. Басты мақсат, министрліктің бағыттары бойынша мүшелері әрбір өтетін шараның афишасын жасау арқылы нақты аудиторияны шараларға шақыру, сонымен қатар өткен шаралардың сапалы бейнетүсірілімін қамтамасыз ету және ресми ақпарат беруін оқыту. Аталған	1.Шараның бағдарламасы 2.Қатысушылар тізімі 3.Спикер туралы қысқаша ақпарат 4.Фотосуреттер 5.Видео ролик (ұзақтығы кемінде 1 минут)	1 Кемінде 42 қатысушы 1 20 1	1 51 1 27 1	1	Қатысушылар жобасында өтетін және өзге шаралардың жариялау бағытында тиімді инструменттерді пайдалану бағыты бойынша ақпарат алды. Өңірімізде жина кездесетін және студенттердің өздерінде жиі қозғайтын мәселелер шараларға еріксіз қатыстыру және сол шаралардың не туралы екенін білмеуі, сонымен қатар, ішкі базада өтіп жатырған шаралар туралы хабарсыздығы. Сол мәселені оңды шешу үшін шараның бағыттары бойынша практикалық жұмыстар жүргізілді. Шараның нәтижесі жоба аясында кейін өткен шараларда байқалды.

Студентті өзін-өзі басқару жүйесінің студенттік көшбасшыларының жүйесінің студенттік көшбасшыларының сайлауын жүзеге асыру.	Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің студенттік көшбасшыларының сайлауын жүзеге асыру.	21.09	Оқу орындары базаларында	25	Оқу орындарында өтетін сайлауға қатысатын кандидаттар тізімі	Кемінде 25 қатысушы	25	Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің студенттер арасындағы көшбасшысын сайлау арқылы бюрократиялық процестердің жобаның мақсатына жетуіне кедергі келтіруін азайту. Жобаның жүзеге асу процесін тікелей бақылау.
					Оқу орындарында өтетін сайлауға қатысатын кандидаттар тізімі	Кемінде 25 қатысушы	25	Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің студенттер арасындағы көшбасшысын сайлау арқылы бюрократиялық процестердің жобаның мақсатына жетуіне кедергі келтіруін азайту. Жобаның жүзеге асу процесін тікелей бақылау.
мақсатта «Мобилография» бағыты бойынша Қыран Талапбектің оқушысы әрі өңіріміздегі өкілі Аманов Айбек, «Журналистика» бағыты бойынша «Caspiar News» телеарнасының журналисті Эльбрусова Нұрсая және «Графикалық дизайн» бағыты бойынша «Атырау-Ақпарат» медиахолдингінің дизайнері Нухин Еламан оқыту жүргізген болатын.								



7 кіші іс-шара (Жастар ісі комитеті мамандарын, Жобалық менеджмент және БАҚ министрлігі өкілдерін оқытудан өзге шаралар) ұйымдастырып өткізу.	Облыстық маслихат депутаты Асқар Төрбайұлын еске алуға арналған студенттер арасындағы шахматтан турнир.	04.10	Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, «Өнерпаз» мәдениет үйі	30	Қатысушы студенттер тізімі Хаттама Фотосуреттер Жеңімпаздар тізімі Сыйлықтардың фотосуреттері Видеоролик (ұзақтығы кемінде 1 минут)	Кемінде 25 қатысушы 1 20 3 1 1	25	30	Жоба аясында жүйенің жұмысын жетілдіру мақсатында бір шараны ауданда жасау ұтымды шешім болды. Қатысушылар үшін қосымша ұйымдастырылған экскурсия ұнады. Сонымен қатар, олар тек қана турнирге қатысып қоймай, бірдей қызығушылығы бар замандастарымен байланыс орнатты.
	«Atyrau Students Union» жобасының брендин дамыту бағытында «ASU Quiz» атты интеллектуалды ойын.	20.11	Ғабдол Сланов атындағы облыстық Кітапхана	104	Шараның бағдарламасы Қатысушылар тізімі Ойында қойылатын сұрақтар тізімі Фотосуреттер Видео ролик (ұзақтығы кемінде 1 минут) Жеңімпаздар суреттері Ұпай сандары Баннер эскизі	1 Кемінде 100 қатысушы 50 30 1 5 1 1	1 100 50 30 1 5 1 1	1 104 50 30 1 5 1 1	Жоба жүйесінің Білім министрлерінің және жалпы белсенді студенттердің өз бағыттары бойынша бірлесе шараларға қатысуы. Жыл бойы шараларда көрісіп жүрген әріптестерімен басқосу.



«Атуған Union» жобасының брендін дамыту бағытында белсенді студенттер арасындағы «ASU Cup» атты волейболдан әуесқой турнир.	28-29.11	«Атырау» орталық спорт кешені	106	Шара туралы толық ақпарат	1	1	100	106	Жоба жүйесінің Спорт министрлерінің және жалпы белсенді студенттердің өз бағыттары бойынша бірлесе шараларға қатысуы. Жастар ісі комитеті маманы, студенттік көшбасшы және министрлердің бір құрамада жұмыла жұмыс жасауы. Бірін бірі тыңдай білуі, ортақ лидер ретінде спорт министрлерін таңдауы.
«ASU Vacansy» атаулы тәмамдаушы курс студенттері үшін бос жұмыс орындары жәрмеңкесі.	09.12	«АРЕС Petrotechnic» жоғары колледжі	Кемінде 101	Шара туралы толық ақпарат	1	100	101	13	Өндірістік практика уақытында көптеген студенттер жәй ғана атауы немесе салабы келетін мекемеден негізсіз құжат жасатып алу арқылы бұл оқу процесін жабуының алдын алу. Өз мамандығын практикалық түрде мығым үйрену үшін тікелей мекемелердің өкілдерімен байланысы.
				Қатысушылар тізімі	2	70	1	1	
				Төрешілер туралы қысқаша ақпарат	70	1	10	1	
				Фотосуреттер	1	10	1	1	
				Видео ролик (ұзақтығы кемінде 1 минут)	1	1	1	1	
				Жеңімпаздар суреттері	1	1	1	1	
				Хаттамалар	1	1	1	1	
				Баннер эскизі	1	1	1	1	
				Шара туралы толық ақпарат	1	100	101	1	
				Қатысушылар тізімі	1	100	101	1	
				Жұмыс орынын ұсынатын мекемелер тізімі және ақпараты	1	10	13	1	
				Баннер эскизі	1	1	1	1	
				Фотосуреттер	30	30	30	1	
				Видео ролик (ұзақтығы кемінде 1 минут)	1	1	1	1	



1 үлкен шара және 10 кездесу ұйымдастырылу.	«Stud Fest» облыстық фестивалінің оқу орындарындағы кезеңі	09-27 қазан	Оқу орындары базаларында	Кемінде 501 қатысушы	Шараның бағдарламасы	1	1	1	Фестиваль оқу орындарындағы жоба жүйесінің Мәдениет министрлігінің жұмысына баға беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, студенттік көшбасшылардың және белсенді студенттердің оқу орны ішіндегі шараларға қатынасын бағалау мүмкіндігі туды. Жастар ісі комитеті мамандарының ықпалы бағаланды.				
	«Stud Fest» облыстық фестивалінің гала-концерті	07.11	Махамбет Өтемісұлы атындағы облыстық Академиялық Драма театры	186	Кемінде 50 қатысушы	Шараның бағдарламасы	1	1	1	Облыстық деңгейдегі сахнада өнер көрсету мүмкіндігі берілді. Сонымен қатар, аға буын тарапынан осындай ауқымды шаралардың кезінде оқу орны әкімдігімен және ата-аналармен қарым-қатынасты қалай жүргізу керектігі айтылып, практикалық түрде қолданыс тапты. Студенттер өзге оқу орны студенттерімен бірігіп, сапалы дүниелер шығарды. Олардың арасындағы байланыс әлі күнге дейін бар.			
					Кемінде 50 қатысушы	Қатысушылар тізімі	3	50	3	186	3	3	
					50	Төрешілер туралы қысқаша ақпарат	3	3	50	89	2	2	5
					50	Фотосуреттер	50	2	2	5	1	1	1
					5	Видео ролик (ұзақтығы кемінде 1 минут)	2	5	5	5	1	1	1
					5	Жеңімпаздар суреттері	5	1	1	1	1	1	1
					1	Хаттамалар	1	1	1	1	1	1	1
					1	Шара туралы толық ақпарат	1	1	1	1	1	1	1
					1	Хаттамалар	1	1	1	1	1	1	1



Жылды қорытындылау.	«ASU Party» атты «Atyrau Students Union» жобасының белсенді студенттері, жастар комитеті мамандарының және студенттік көшбасшылардың қатысуымен өткен кеш.	16.11	«Салтанат Сарайы» мейрамханасы	189			1	1	1	«Stud Fest» фестивалінің концертіне қатысқан студенттер бір апта бойы дайындалып, облыстық деңгейде жасаған еңбектері үшін марапаттарын алып, студенттер күні қарсаңында жақсы тойлады. Шараның бейресми форматы көбіне ұнады. Жобаға қызығушылық артты.
	2023 шараларды талқылау және 2024 жылғы шараларды жоспарлау жиыны.	22.11	Атырау қалалық Жастар ресурстық орталығы	14			1	1	1	Жастар ісі комитеті мамандары және студенттік көшбасшылар өз ойларын ашық айту мүмкіндігіне ие алаңның барын көрді.
	«Atyrau Students Union» жобасының 2023 жылғы қорытынды жиыны.	23.11	Атырау облысы Әкімдігінің жаңа ғимараты	38			1	1	3	Облыстық әкімдік басқармалары басшылары алдында ұсыныс беру мүмкіндігі берілді.
	Баннер эскизі						1	1	1	
	Шара туралы толық ақпарат						1	1	1	
	Өтетін орын туралы ақпарат						1	1	1	
	Диплом / Алғыс хат эскизі						2	2	2	
	Шараның бағдарламасы						1	1	1	
	Қатысушылар тізімі						Кемінде 200 қатысушы	200	227	
	Қонақтар туралы қысқаша ақпарат						3	3	3	
	Фотосуреттер						30	30	30	
	Видео ролик (ұзақтығы кемінде 1 минут)						1	1	2	
	Хаттамалар						1	1	1	
	Баннер эскизі						1	1	2	
	Шара туралы толық ақпарат						1	1	1	
	Өтетін орын туралы ақпарат						1	1	3	
	Диплом / Алғыс хат эскизі						2	2	2	



Әлеуметтік жобаның әлеуметтік және экономикалық әсерлерін көрсететін кестені толтырыңыз

Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланып отырған деңгей	Нақты деңгей
1. Тікелей бенефициарлар саны, оның ішінде: халықтың әлеуметтік осал топтарынан	адам	1200	1383
2. Жанама бенефициарлар саны (БАҚ-та жариялау есебінен)	адам	-	1
3. Штаттық қызметкерлердің саны	адам	4 000	46 652
4. Тартылған мамандар саны, оның ішінде: халықтың әлеуметтік осал топтарынан	адам	1	1
5. Қамтылған ҮЕҰ саны	адам	18	21
6. Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	Ұйым	-	-
7. Салықтар (ӘС, ӘА, МӘМС (штаттық қызметкерлердің ғана))	Ұйым	0	2
8. Экономикаға қосқан үлес (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге	2 600 000	2 600 000
9. Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (занды және / немесе жеке тұлғалар)	теңге	54 528	54 528
	теңге	7 680 500	7 680 500
	ұйым/адам	0	4

**Жоба бойынша жоспардан ауытқу негіздемелерін сипаттаңыз:**

14 қыркүйек күні өтуі қажет болған Асқар Төрөбайұлын еске алуға арналған студенттер арасындағы шахматтан облыстық турнир аталған тұлғаның отбасысының босамауына байланысты кейінге шигерілді. Ортадағы шаралардың уақытына байланысты турнирді 04 қазан күні өткізген болатынбыз.

Бұл өз кезегінде 05 қазан күні өтуі тиіс болған волейбол турнирін кейінге шигеруге себеп болды. Волейболдан турнир ортадағы шараларға байланысты 28-29 қараша күні өтті.

Жоба мерзімі тамыз – қараша айларына белгіленген. Жоспар бойынша, жылдық қорытынды міндеті бойынша шараларымыз 15-16 қараша күндері аралығында өтуі қажет болды. Дегенмен, Атырау облысы Әкімдігінің аппараты қолдауымен өткен Атырау облысы Жастар маслихаты депутаттарының сайлауы 15 қараша күні өтуіне және Президент аппаратының қолдауымен өткен «Арманда» форумының 16 қараша күні өтуіне және аталған шараларға біздің жобаның нақты аудиториясы түгелдей қатыстырылғанына байланысты бірқатар шараларымыздың уақыты өзгертілді. Атап айтқанда, 15 қараша күні оқу орындарының Жастар ісі комитеті мамандарының және студент көшбасшылардың қатысуымен өтетін 2023 жылғы шараларды талқылау және 2024 жылғы іс-шараларды жоспарлау жиыны және 16 қараша күні оқу орындары басшыларының, Жастар ісі комитеті мамандарының және студент көшбасшылардың қатысуымен өтетін жобаның 2023 жылғы қорытынды жиыны кейінге, яғни, 22-23 қараша күніне ауыстырылған болатын. Бұл өз кезегінде өзге де шаралардың ұйымдастыру процестеріне өз кедергісін туғызды. Нәтижесінде, бос жұмыс орындар жәрмеңкесі желтоқсан айында өтті.







1 383	1 335	48	оның ішінде:					59 жас және жоғары

**Жас көрсеткіші:**

Бүкіл жобаға қатысушылар саны	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және жоғары
1 383		1 335	4		20	24	

**5. Әлеуметтік жоба нәтижесі:**

- көрсетілген нысаналы топтардың әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері (сандық көрсеткіштерді, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып): Облыс көлеміндегі 18 қалалық және 6 аудандық оқу орнымен байланыс орнатылды.
- жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған қандай да бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу): Егер бұл жоба өз жалғасын тапса, облыс көлеміндегі кемінде 15 оқу орны шараларға қатысуға дайын.
- әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы: Қазіргі уақытта, Облыс көлеміндегі 18 қалалық және 6 аудандық оқу орнының Жастар ісі комитеті мамандары және студенттік көшбасшылар өз қызметтерін атқаруда.
- іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері: \_\_\_\_\_

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (егер бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау:** оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды жалғастыру қалай жоспарлануда? Жоба аясында локация бойынша елеулі көмек көрсеткен Абай атындағы орталық деп есептейміз. Бұл орталық заман талаптарына сай жабдықталған орталық, және сол арқылы шаралардың сапалы өтуіне үлкен үлес қосады деп сенеміз. Сонымен қатар, Атырау қалалық Жастар ресурстық орталығы жоба бойынша өзінің ресурстарымен үлкен көмек көрсетті.

Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының Азаматтық орталығы шара барысында қажетті құрал-жабдықтармен көмектесті. Мысалға айтқан, баннер конструкциялары, проектор және т.б.  
 Жобаны жүзеге асыруда алдағы уақытта бірлесе қызмет атқаратын орган ол Атырау облысы Білім беру басқармасы. Себебі, бұл басқарманың бұйрығынсыз өңіріміздегі колледждер шараларға қатыспауына құжылы.



**Әлеуметтік жобаның серіктестері**

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер жатпайды.

Ұйым атауы /Серіктестіктің Т.А.Ә.	Жобадағы орны	Ұйымның, серіктестіктің байланыс деректері	Ескерту
Абай атындағы орталық	Заман талабына сай жабдықталған мекеме		
Атырау қалалық Жастар ресурстық орталығы	Жастарға саналатын студенттермен біріге жобалар ұйымдастыруға болады		
Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының Азаматтық орталығы КММ-і	Басқарма тапсырысымен қызмет көрсетіп жатырған ҰЕҰ-ға құрал-жабдықтармен көмектеседі		
Атырау облысы Білім беру басқармасы	Білім беру мекемелерінің жоба аясында өтетін шараларға қатысуын қамтамасыз етуге ыңғайлы		

**Осы әлеуметтік жобаның жалғасы болуы мүмкін болашақ әлеуметтік жобалар тақырыбына ұсыныстар:**

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (млн теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтижелер
	Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысын жүргізу және дамыту	Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысын жүргізу және дамыту	Студенттердің студенттік кезенді тиімді пайдалануы және қоғамда қалыптасуы	20 000 000		Орталықтандырылған студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің жұмысын жүргізу
	Студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттау бағытында ұйымдастыру	Студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттау бағытында спорттақтада ұйымдастыру	Студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының спорт министрлерін біліктілігін шыңдау	Басқарма жоспарына сәйкес		Оқу орындарындағы студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының спорт министрлерінің және спорт мамандарының байланысын арттыру арқылы сапалы шаралар жасау



Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (хаттардың көшірмелерін қосымшаларымен бірге осы есеппен ұсыну қажет)
Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы	Жоба аясында ұқсас ұйымдардың жұмысын жүйелеу және ауданнан қатысатын мамандар мен студенттердің іс-сапар шығынын қосу	
Атырау облысы Білім беру басқармасы	Студенттерді без берекетсіз орын санын толтыру үшін шараға жібере бермеу	
Қазақстан Студенттер Альянсы	Студенттік көшбасшылар сайлауын ортақ ұйымдастыру	
Атырау облысы Әкімі	Жастар ісі комитеті мамандарына жалақы тағайындау және жастардың басы қосылатын заман талабына сай алаңмен қамтамасыз ету	

Есептегі беттердің жалпы саны: \_\_\_\_\_

Төраға / Сейтқалиев Д.

Грант алушы:

«Жастар таңдауы - Атырау» ҚБ Төрағасы Сейтқалиев Даурен Нухович

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Мердің орны \_\_\_\_\_

